

**Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-13 " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Тахтаброд ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 17 маусымдағы № 64-5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 маусымда № 6382 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Тахтаброд ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-13 шешіміне (2020 жылғы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5962 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Тахтаброд ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 80 100 мың теңге:

салықтық түсімдер – 9 150 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 330 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімі – 70 620 мың теңге;

2) шығындар – 80 732,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 632,7 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 632,7 мың теңге:  
 қарыздар түсімі – 0;  
 қарыздарды өтеу – 0;  
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 632,7 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
 Ғабит Мүсірепов атындағы  
 ауданы мәслихатының  
 сессиясының төрағасы

Н.Синдякина

Солтүстік Қазақстан облысы  
 Ғабит Мүсірепов атындағы  
 ауданы мәслихатының  
 хатшысы

Е.Адилбеков

Солтүстік Қазақстан облысы  
 Ғабит Мүсірепов атындағы  
 ауданы мәслихаты  
 2020 жылғы 17 маусымы  
 № 64-5 шешіміне  
 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы  
 Ғабит Мүсірепов атындағы  
 ауданы мәслихатының  
 2020 жылғы 8 қаңтардағы  
 № 56-13 шешіміне  
 1-қосымша

## 2020 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Тахтаброд ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і Сыныбы	Атауы	Сом (мың теңге )
			1. Кірістер	8 0 100
1			Салықтық түсімдер	9150
	01		Табыс салығы	600
		2	Жеке табыс салығы	600
	04		Меншікке салынатын салықтар	8 550
		1	Мүлікке салынатын салықтар	50
		3	Жер салығы	1 400
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	7 100
2			Салықтық емес түсімдер	330
	05		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	330

		1	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер	330
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	70 620
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	70 620
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен түсетін трансферттер	70 620
Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сома (мың теңге)
			2. Шығындар	80 732,7
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22 326,7
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 326,7
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 606,7
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2720
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	38 926
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	38 926
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	10 300
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	750
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгаландыру	1800
		014	Елді мекендерді сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру	26 076
12			Көлік және коммуникация	9480
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9480
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	9480
13			Басқалар	10 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10 000
			Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша	

		040	шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 000
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-632,7
			6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	632,7
			Қарыздар түсімдері	0
			Қарыздарды өтеу	0
			Бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары	632,7
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сума (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	632,7
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары	632,7
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	632,7